"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығы" МКҚК жиналысының №1 хаттамасы

04 ақпан 2026 жыл **Орал қаласы**

Қатысқандар: 6 адам
Комиссия төрағасы А.Базаров
Мүшелері: Р.Ибраева
А.Самигуллина
А.Рахметов
Ж.Султашева
Комиссия хатшысы А.Кайрлиева

Күн тәртібінде:

1. 2026 жылғы Батыс Қазақстан облысы әкімінің бекітілген іс-шаралар жоспары аясында Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығының жоспар бойынша ұлттық Наурыз мейрамы, Ұлттық киім күнін кең ауқымды мерекелеу мақсатында сахналық костюмдерді бір көзден тіктіру тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу мәселесі.

Директордың у.м.а.А.Базаров – облыс көлемінде кең ауқымда атап өтілетін Наурыз мейрамы, Ұлттық киім күні және дәстүрлі әнші, жыршылардың өнер байқауларының өткізілуіне орай мәдени шаралардың мазмұнын байытып, ұлттық құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу мақсатында көпшілік іс-шаралар барысында театрландырылған кең ауқымды сахналық қойылымдарға, салт-дәстүр көріністеріне ұлттық нақыштағы қазақтың жаршылары мен келіндеріне арналған сахналық костюмдер тіктіру мәселесін қарастыруды ұсынды.

Оның ішінде:

- Жаршылар - 10 дана сахналық киімдер (комплект)
- Келіндер-10 дана сахналық киімдер (комплект)

ХШ бөлімінің басшысы Р.Ибраева – ұлттық мейрамдарды лайықты атап өту үшін және алдағы уақытта да халыққа сапалы мәдени қызмет көрсету үшін ауқымды шараларға қажетті сахналық киімдер тіктіру мәселесі болып тұр. Сондықтан да мемлекеттік сатып алу бойынша егер портал арқылы тапсырыс берілген жағдайда басқа облыстан ұтқан кәсіпкердің материалдары нашар немесе тігілген костюмдерінің талапқа сай емес, сапасының нашар болатыны жөнінде айтылды. Егер жергілікті тігін кәсіпорнына тігуге тапсырыс берген жағдайда, тігіншінің өлшем алу уақытында сахналық костюмдерді тексеріп, қадағалап отыруға мүмкіндік бар екенін айтып өтті. Осы жағдайларды ескеріп заң аясында бір көзден мемлекеттік сатып алуды ұсынды.

Көркемдік жетекші А.Самигуллина - халықтың сұранысына сай мәдени қызмет көрсету үшін материалдық жағдайын қарастыру мәселесінде сахналық киімдер жетіспейді, жаңартуды қажет етеді. Сондықтан да Наурыз мейрамы, Ұлттық киім күнін жоғарғы деңгейде өткізу үшін сценарийге сай салт-дәстүрлердің

театрландырылған композициялық қойылымдарға өте қажетті қазақтың келіндері мен жаршыларға арналған сахналық костюмдер тіктіру жөнінде үнемделген қаражаттан тапсырыс беру жөніндегі ұсынысты қолдады.

Креатив бөлімінің басшысы А.Рахметов - бүгінгі айтылған мәселелер өте орынды. Мерекелік шараларда ұлттық нақыштағы сахналық костюмдердің жетіспеушілік мәселесі туындайды. Сондықтан да басшылықтың ұсынысына қолдау білдіремін.

Мемлекеттік сатып алу бойынша маман Ж.Султашева - мемлекеттік сатып алу бойынша түсініктеме беріп, әрбір тіктіретін сахналық костюмдердің толық сипаттамасын беру жөнінде айтып өтті. Сахналық костюмдер талапқа сай, заманауи және жаңа болғаны дұрыс деп есептеймін. Барлық сахнадағы көрініс ашу үшін жаңадан тігілетін сахналық костюмдері эскизы ұқыпты қаралып, осы жергілікті тігетін кәсіпкерлерден болғаны жақсы болар еді. Алыстан, басқа облыстан ұтып алып тіктірткен костюмдердің сапасы нашар, маталары ескі, оюлары арзан материалдардан жасалып ұзаққа шыдамай жатады. Мүмкіндік болса осы жағдайларды ескеріп заң аясында бір көзден мемлекеттік сатып алуды ұсынар едім. 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 16 бабы 3 тармағы 32 тармақшасы негізінде аталмыш жағдайларды ескере отырып бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға болатындығын мәлімдеді.

Қабылданған шешім:

"Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының облыстық халық шығармашылығы орталығы" МКҚК -ның жиналыс отырысы бір көзден тіктіру тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу арқылы айтылған костюмдерді тіктіруге шешім қабылданды.

Комиссия төрағасы А.Базаров

мүшелері Р.Ибраева

А.Самигуллина

А.Рахметов

Ж.Султашева

А.Кайрлиева

«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА АКИМАТА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

05.02.2026 ж.

Орал қ.

ПРИКАЗ

24 н/к

№

г. Уральск

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 5,6 тармағы 506, 508 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» туралы Заңының 16 бабы 3 тармағы 32 тармақшасына сәйкес, облыс көлемінде кең ауқымда атап өтілетін Наурыз мейрамы, Ұлттық киім күні және дәстүрлі әнші, жыршылардың өнер байқауларының өткізілуіне орай мәдени шаралардың мазмұнын байытып, ұлттық құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу мақсатында көпшілік іс-шаралар барысында театрландырылған кең ауқымды сахналық қойылымдарға, салт-дәстүр көріністеріне ұлттық нақыштағы қазақтың жаршылары (10 дана) мен келіндеріне (10 дана) арналған сахналық костюмдер тіктіру үшін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына жауапты мемлекеттік сатып алу маманы Ж.Султашеваға:

- жеткізуші ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 6 тармағына сәйкес анықтасын;
- жеткізушіге веб-портал арқылы келісім шарт жобасы жіберілсін;
- бес жұмыс күнінен кем емес мерзімде веб-порталда бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасалғаны жөнінде жариялансын.

3. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабы 1 тармағына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасалуын және тәртібінің сақталуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: 04.02.2026 жылғы комиссия отырысының хаттамасы.

Директордың м.а. **А.Базаров**

000207